

## **Қарағанды қаласы азаматтарының жекелеген санаттарын жұмысқа орналастыру үшін 2016 жылға арналған жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

Қарағанды қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 11 қарашадағы № 48/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 2 желтоқсанда № 4032 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9 бабының 7-9) тармақшаларына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 болып тіркелген) сәйкес, Қарағанды қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыс орындарының квотасы белгіленсін:

1) Қарағанды қаласында қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының жалпы санының 1% мөлшерінде 1 қосымшаға сәйкес;

2) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының жалпы санының 1% мөлшерінде 2 қосымшаға сәйкес;

3) ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын, жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының жалпы санының 1% мөлшерінде 3 қосымшаға сәйкес.

2. Қарағанды қаласы әкімдігінің "Қарағанды қаласы азаматтарының жекелеген санаттарын жұмысқа орналастыру үшін 2016 жылға арналған жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысының орындалуын бақылау Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары И.Ю.Любарскаяға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды қаласы әкімдігінің  
2016 жылғы "11" 11 № 48/02  
қаулысына 1 қосымша

## Қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін Қарағанды қаласы ұйымдардың тізімі

№ Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі ( % қызметкерлердің тізімдік санынан )	Қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
"Эфес Казахстан" акционерлік қоғамы шетелдік кәсіпорыны	241	1	2
"BestMill" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	76	1	1
"Алып-2008" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	251	1	3
"Камкор Вагон" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Қарағанды Вагон жөндеу Депосы" филиалы	273	1	3
"Корпорация Карағанды-Нан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	103	1	1
Қарағанды қаласы әкімдігі "Қарағанды қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Көркейту" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	383	1	4
"Водоканалстрой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	200	1	2
"Аспап" өндірістік кооперативі	51	1	1
Қарағанды қаласы әкімдігінің Қарағанды қаласының коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Мәдениет, демалыс саябақтары және гүлзарлар басқармасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	151	1	2
Қарағанды қаласының "ГорКомТранс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	247	1	2
Қарағанды қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Қарағанды қаласы әкімдігінің "Шахтер" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	251	1	3
Қарағанды қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Қарағанды мемлекеттік			

хайуанаттар бағы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	51	1	1
--	----	---	---

Қарағанды қаласы әкімдігінің  
2016 жылғы "11" 11 № 48/02  
қаулысына 2 қосымша

## Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, жұмыс орындары квотасы белгіленетін Қарағанды қаласы ұйымдардың тізімі

№ Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Б а с бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
"Эфес Казахстан" акционерлік қоғамы шетелдік кәсіпорыны	241	1	2
"Алып-2008" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	251	1	3
"Камкор Вагон" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Қарағанды Вагон жөндеу Депосы" филиалы	273	1	3
"Строй Декор 777" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	56	1	1
Қарағанды қаласы әкімдігі "Қарағанды қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Көркейту" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	383	1	4
"Водоканалстрой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	200	1	2
"Аспап" өндірістік кооперативі	51	1	1
Қарағанды қаласы әкімдігінің Қарағанды қаласының коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Мәдениет, демалыс саябақтары және гүлзарлар басқармасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	151	1	2
Қарағанды қаласының "ГорКомТранс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	247	1	2
Қарағанды қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Қарағанды қаласы әкімдігінің "Шахтер" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	251	1	3
Қарағанды қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Қарағанды мемлекеттік хайуанаттар бағы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	51	1	1

Қарағанды қаласы әкімдігінің  
2016 жылғы "11" 11 № 48/02  
қаулысына 3 қосымша

**Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын, жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін Қарағанды қаласы ұйымдардың тізімі**

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі ( % қызметкерлердің тізімдік санынан )	Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын, жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының саны
1.	"Қарағанды Жылу Сбыт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	350	1	3
2.	Қарағанды қаласы әкімдігі "Қарағанды қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№33 "Алтын Бесік" бала-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	22	1	1
3.	Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	245	1	2
4.	"Қарағанды қаласы әкімдігінің "Қарағанды қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№42 негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	31	1	1
5	"Қарағанды-Жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	1530	1	15
6.	"Comp Help" Компаниясы	5	1	1
7.	"Гиппократ" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі медициналық фирмасы	523	1	5
8.	Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының "Қарағанды қаласының № 1 емханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	123	1	1
9.	Қарағанды қаласы әкімдігінің Қарағанды қаласының коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Мәдениет, демалыс саябақтары және гүлзарлар басқармасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	151	1	2
10	Қарағанды қаласының "ГорКомТранс"	247		2

.	жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		1	
11	Қарағанды қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Қарағанды қаласы әкімдігінің "Шахтер" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	251	1	3
12	Қарағанды қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Қарағанды мемлекеттік хайуанаттар бағы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	51	1	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК